



БІРЫҢҒАЙ ГРАНТ ОПЕРАТОРЫ

азаматтық бастамаларды
қолдау орталығы

Үкіметтік емес ұйымдарды гранттық қаржыландыру саласындағы оператордың 2024 жылғы қызметінің нәтижелері туралы есебі

Тапсырыс беруші: Маңғыстау облысының денсаулық сақтау басқармасы

**«Азаматтық бастамаларды қолдау орталығы» КЕАҚ
Астана 2024 жыл**

1. Гранттарды орналастыру есебінің басталу және аяқталу күні

Маңғыстау облысының денсаулық сақтау басқармасының (бұдан әрі - Басқарма) тапсырысы бойынша «Азаматтық бастамаларды қолдау орталығы» КЕАҚ (бұдан әрі - Оператор) интернет-ресурсында 2024 жылы 20 наурызда 2024 жылға үкіметтік емес ұйымдар үшін мемлекеттік гранттар беруге арналған конкурс жарияланды. Хабарламаны келесі сілтемелер бойынша көре аласыз:

- 1) <https://cisc.kz/mangghystaw-oblysynyng-densawlyq-saqtaw-basqarmasyning-tapsyrusy-bojynsha-ueeu-ueshin-grantt-konkwrsy-74453.html>;
- 2) <https://www.instagram.com/p/C4ucHgsNzS7/?igsh=MXNxY2VycW9sdW44Mg==>

Конкурсқа қатысу үшін өтінімдерді қабылдау уақыты 2024 жылғы 26 наурыз бен 15 сәуір аралығында жүзеге асырылды.

2. Есепті кезеңде орналастырылған гранттар бағыттарының саны:

Есептік кезеңде Оператор Басқарманың 3 басым бағыт бойынша 3 мемлекеттік грантын беру жөнінде хабарландыру жариялады:

№	Басым бағыт	Грант саны	Грант сомасы (теңге)
1	Маңғыстау облысы бойынша медициналық қызметтер сапасына қоғамдық мониторингін ұйымдастыру	1	10 000 000
2	Жастар мен жасөспірімдер арасындағы ерте жүктіліктің алдын алу	1	10 000 000
3	Халықтың негізгі топтары арасында АИТВ инфекциясының алдын алу шаралары	1	10 000 000

3. Есепті кезеңде іске асырылған гранттар саны

Өткізілген конкурстың нәтижесі бойынша 3 грант бойынша 3 ҮЕҰ-мен мемлекеттік грант беру туралы шарт жасалды:

№	Заңның 5-бабының 1-тармағына сәйкес мемлекеттік грант саласы	Мемлекеттік гранттың басым бағыты	Грант түрі	Ұйым атауы	Шарттың нөмірі мен күні
1	Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасына қоғамдық	Маңғыстау облысы бойынша медициналық қызметтер сапасына қоғамдық мониторингін ұйымдастыру	қысқа мерзімді	«Түпқараған жастары» жастар қоғамдық бірлестігі	05.06.2024 жыл, №102 Шарт
2	Жастар саясаты мен балалар бастамаларын қолдау	Жастар мен жасөспірімдер арасындағы ерте жүктіліктің алдын алу	қысқа мерзімді	«Бәйшешек» қоры	05.06.2024 жыл, №103 Шарт
3		Халықтың негізгі топтары арасында АИТВ инфекциясының алдын алу шаралары	қысқа мерзімді	«Саламатты Ел» қоғамдық қоры	05.06.2024 жыл, №104 Шарт

4. Есепті кезеңде іске асырылған гранттар саласы

2024 жылы Оператор «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс, стратегиялық әріптестікті іске асыруға арналған мемлекеттік тапсырыс, үкіметтік емес ұйымдарға арналған гранттар және сыйлықақылар туралы» Қазақстан Республикасының Заңының 5-бабына сәйкес

«Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасына қоғамдық» және «Жастар саясаты мен балалар бастамаларын қолдау» саласы бойынша 3 жобаны іске асырды

5. Гранттарды іске асыруға есепті кезеңде мемлекеттік көздерден бөлінген қаражаттың жалпы сомасы

Мемлекеттік гранттарды Оператор Заңның 5-бабының 1-тармағында көзделген салалар шеңберінде және мемлекеттік органның Оператормен жасасатын үкіметтік емес ұйымдарға мемлекеттік гранттар беру үшін ақша қаражатын беру туралы шарт негізінде мемлекеттік бюджет қаражатынан береді.

Есептік кезеңде Оператор Басқарманың 3 гранттық жобасын іске асырды.

6. Есепті кезеңде бюджеттен тыс көздерден гранттарды іске асыруға бөлінген қаражаттың жалпы сомасы

Есепті кезеңде Басқармасы мемлекеттік гранттарын іске асыру кезінде бюджеттен тыс көздер тартылмады.

7. Есепті кезеңде гранттарды іске асыруға тартылған қазақстандық ұйымдар қатарындағы әріптестер туралы ақпарат

Есепті кезеңде гранттарды іске асыруға тартылған қазақстандық ұйымдар қатарындағы әріптестер туралы мәлімет:

№	Грант алушының атауы	Жобаның атауы	Ұйымның атауы	Басшының ТАӘ	Байланыс деректері	Заңды мекенжайы
1	«Бәйшешек» қоры	Жастар мен жасөспірімдер арасындағы ерте жүктіліктің алдын алу	Маңғыстау облысының білім беру басқармасы	Мамаева Г. К.	8 701 489 48 73	Маңғыстау облысы, 130000, Ақтау қаласы, 3Б шағын ауданы, 52 ғимарат.
2	«Саламатты Ел» қоғамдық қоры	Халықтың негізгі топтары арасында АИТВ инфекциясының алдын алу шаралары	Ақтау қалалық ішкі саясат бөлімі	Балгожаев а Г.К.	8 (7292) 33-67-29	Маңғыстау облысы, 130000, Ақтау қаласы. 4-ші шағын аудан, 72,
3			МО АИТВ-инфекциясының алдын – алу орталығы	Сагимбаев А.А.	8 (7292) 50-40-49	Ақтау, 3-й микрорайон, 170
4			Маңғыстау облысының білім беру басқармасы	Мамаева Г. К.	8 701 489 48 73	Маңғыстау облысы, 130000, Ақтау қаласы, 3Б шағын ауданы, 52 ғимарат.

8. Есепті кезеңде гранттарды іске асыруға тартылған халықаралық (шетелдік) ұйымдардың қатарындағы әріптестер туралы ақпарат

Гранттық жобаны іске асыру барысында халықаралық (шетелдік) ұйымдардың қатарынан әріптестер тартылған жоқ.

9. Есепті кезеңде үкіметтік емес ұйымдарды гранттық қаржыландыру саласындағы оператор арқылы гранттарды іске асырған үкіметтік емес ұйымдар туралы мәліметтер

Ақпарат осы есепке 1-қосымшада көзделген.

10. Есепті кезеңде грант шеңберінде іске асырылған әлеуметтік жобалар, әлеуметтік бағдарламалар туралы мәліметтер

Ақпарат осы есепке 2-қосымшада көзделген.

11. Гранттарды іске асыру шеңберінде жобалардың нәтижелері бойынша жалпы қорытындылар мен ұсынымдар

2024 жылы Маңғыстау облысының Денсаулық сақтау басқармасы оператор арқылы 3 гранттық жобаны іске асырды. Бұл жобалар медициналық қызметтердің сапасын жақсартуға, аурулардың алдын алуға және халықтың хабардарлығын арттыруға айтарлықтай әсер етті.

Маңғыстау облысында денсаулық сақтау мен әлеуметтік тұрақтылықты одан әрі дамыту үшін медициналық қызметтер мониторингі, ерте жүктіліктің, АИТВ және басқа да аурулардың алдын алу саласындағы бастамаларды кеңейту ұсынылады. Жергілікті тұрғындар мен ұйымдардың белсенді қатысуы үшін жағдай жасау, сондай-ақ әртүрлі арналар мен іс-шаралар арқылы қажетті ресурстар мен білімге қол жеткізуді қамтамасыз ету маңызды. Сондай-ақ, халықтың кең санаттарын қамту үшін әр түрлі жобалар мен қаржыландыруды көбейту қажет. Мұндай жобалар халықтың денсаулығын жақсартуда, әлеуметтік хабардарлықты арттыруда және өңірдің әлеуметтік саласының тұрақтылығын нығайтуда шешуші рөл атқарады.

12. Есепке гранттарды қалыптастыруға қатысатын үкіметтік емес ұйымдарды гранттық қаржыландыру саласындағы оператордың басшылығы, оператордың бас бухгалтері не оларды алмастыратын адамдар қол қояды және оператордың мөр бедерімен куәландырылады. Есептің әрбір данасы тігіледі және микробағдарлама торабына және ішінара паракқа желімделген қағаз пломбамен бекітіледі. Мөрдің таңбасы ішінара қағаз пломбаға, ішінара құжат парағына жазылуы тиіс

13. Есепті ұсынған:

«Азаматтық бастамаларды қолдау орталығы» КЕАҚ әлеуметтік гранттар саласындағы Операторы

**Басқарма Төрағасы
Бас бухгалтер**

**Л. Диас
С. Ануарбек**